

МРНТИ 16.21.

Г.М. Мамырбекова

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Тіл тарихы және диалектология бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты
Алматы қаласы, Қазақстан

**БІРНЕШЕ НҰСҚАДА ТАҢБАЛАНЫП ЖҮРГЕН ЕСКІ КІТАБИ
ЛЕКСИКАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛДЕ
КОДИФИКАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІ**

Аннотация. Мақалада бірнеше нұсқада таңбаланып жүрген ескі кітаби лексикалар және оларды жазба әдеби тілде кодификациялау мәселесі қарастырылады.

Тірек сөздер: ескі кітаби лексика, кітаби тіл.

Г.М. Мамырбекова

Институт языкознания имени А. Байтурсьнулы, Заведующий отделом истории языка и диалектологии, кандидат филологических наук
Алматы, Казахстан

**СТАРО-КНИЖНАЯ ЛЕКСИКА, МАРКИРУЕМАЯ В НЕСКОЛЬКИХ
ВАРИАНТАХ, И ПРОБЛЕМА КОДИФИКАЦИИ НА ПИСЬМЕННОМ
ЛИТЕРАТУРНОМ ЯЗЫКЕ**

Аннотация. В статье рассматривается старо-книжная лексика, маркируемая в нескольких вариантах, и проблема кодификации на письменном литературном языке.

Ключевые слова: старо-книжная лексика, книжный язык.

G.M. Mamyrbekova

Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
Head of the Department of History of Language and Dialectology, Candidate of Philology
Almaty, Kazakhstan

**OLD-BOOK VOCABULARY MARKED IN SEVERAL VARIANTS AND THE
PROBLEM OF CODIFICATION IN THE WRITTEN LITERARY LANGUAGE**

Annotation. The article deals with the old-book vocabulary marked in several variants and the problem of codification in the written literary language.

Keywords: old-book vocabulary, book language.

Жалпы тіл білімінде «кітаби тіл», «кітаби лексика» атаулары негізінен, тілдік белгілерді қолданудың нақтылығын, тұрақтылығын, нормальлығын меңзейді. Орыс тіл білімінде «кітаби» термині жазба әдеби тілге ғана тән қасиетімен ерекшеленетін, нормаланған тілге қатысты қолданылады [1, 3 б.]. Яғни кітаби тіл – жазба әдебиетте қалыптасқан тұрақты

формалар мен грамматикалық тұлғалар немесе «қарым-қатынастың ресми түрінде қолданылатын, алдын ала біршама дайындалған мәтін (ауызша, жазбаша)» [2], ал кітаби сөз – «ресми мазмұндағы, ресми рені бар тілдік бірліктер, көтеріңкі мазмұндағы сөздер (ауызша, жазбаша)» [2].

Кеңестік кезеңде жазба тіліміз екі түрлі бағытта қарастырылды, оның біріншісі – ұлттық жазба әдеби тіл, екіншісі – кітаби тіл. Бұның соңғысына түркі тілдерінің барлығына ортақ үлгі «түрки» әдеби тілімен тәркіндес (түрки – түркі халықтарындағы аймақтық жазба тілдердің жалпы атауы) жазылған араб жазулы мұраларымыз жағады. Және бұл тіл қазақ қоғамында ХХ ғасырдың басына дейін қолданыста болғаны мәлім. Қазақ тіл білімінде осы кітаби тілге қағысты берілген анықтамалар негізінен жағымсыз ренде қалыптасқан болатын. Мысалы, «шұбарланған тіл» (В.В.Радлов), «қоспа тіл» (С.Е.Малов), «касталық тіл» (І.Кеңесбаев, Қ.Жұмалиев), «дін тілі» (С.Аманжолов), «қазақ тілінің ерекшеліктері көп енген шағатай тілі» (Н.Т.Сауранбаев), «бөгде сөздермен былғанған, ауытқымалы тіл» (М.Балақаев), «араб, парсы, шағатай, татар, башқұрт, өзбек сөздерімен аралас жазылған, қазақтың мұсылманша оқыған, хат танитын адамдары да түсінбейтін қоспа тіл» (Б.Кеңебаев). Ал ғалым Ғ.Мұсабаев керісінше, «қазақ халқы жақсы түсінетін, бұқараға кең тараған тіл» десе, профессор Н.Уәлиұлы оны «халқымыздың рухани-мәдени феномені» деп бағалаған болатын.

Қазақ қоғамының рухани-мәдени гүлденуіне елеулі ықпал еткен ескі қазақ жазба тілі кеңестік кезеңде осылайша жағымсыз ренмен аталып, бөтендік сипатқа ие болды. Алайда, әр заманның өзіне сай саяси идеологиясы болатыны мәлім. Сондықтан ескі қазақ жазба тіліміздің бұлайша аталуы билеуші елдің ұстанымымен тікелей байланысты болып келді. Себебі миссионерлік бағыттағы жұмыстар күллі араб жазулы рухани дүниелерімізді жоққа шығаруға барынша тырысты. Осының негізінде, сауатты қазақтардың көпшілігіне арабшылдар, ескішілдер, қадымшылар, керітартпалар, ұлтшылдар, діншілдер, молданың шашбауын көтерушілер деген үлкен айып тағылды.

Қазақ ғалымдары арасынан ең алғашқы болып «кітаби тіл» терминінің дұрыс еместігіне назар аударған профессор Б.Әбілқасымов оны қазақтың «**көне әдеби тілі**» деп атаған дұрыс деген пікір білдірген болатын [3, 121-123]. Ал «кітаби тілдің» орнына «**ескі қазақ жазба тілі**» деген ұғымды ендіру қажеттілігін көтерген ғалым Н.Уәлиұлы болды [4].

Кезінде белгілі ғалым Н.Ондасынов: «Біз қазақ тілінде кең өріс алған 400-ден астам араб сөздерінің қазақша жазылу түрлерін анықтап шықтық. Олардың шұбарлығы соншалық, оның себебін ашуға кісінің ақылы жетер емес. Оған жүздеген мысалдар келтіруге болады. Оқылған әдебиеттерде *масбих* сөзінің – 20, *иждихаттың* – 12, *илтипаттың* – 8, *гибраттың* – 7, *әрекеттің* – 6, *қауіптің* – 5, *ұжданның* – 4 варианты кездесті. Әрқайсымыз күніне жүз рет айтатын *рахметтің* (ауызекі айтылуы өз алдына) баспада: *рақмет, рақымет, рахмат, рахмет, рахымет* сияқты 5 түріне кездестік» – деп көрсете отырып: «Жазбадағы ала-құлалылық – тіл мәдениетінің үлкен жауы. Біздің елімізде мәдениет революциясы іске асты. Енді үлкен мәдениетті ел болдық, оған нағыз мәдениетті тіл лайық, оның аттың төбеліндей айқын жазуы болуы керек. Орысша әрбір сөздің тайға басқан таңбадай бір-ақ белгісі бар – оның бір әрпін өзгертуге болмайды. Қазақ тілінің жазуын осындай дәрежеге көтеруге бола ма? Әбден болады, ол үшін әлі де іздену керек, ізденіс – табыс кепілі» [5, 4], – деген болатын. Бұл сонау кеңестік кезеңдегі уақыттарда айтылған сын еді. Өкінішке орай, содан бері қаншама уақыт өтсе де, әртүрлі таңбаланып жүрген араб, парсы сөздерінің әдеби тіліміздегі нормасын тұрақтандыру, біріздендіру, жүйелеу мәселесі дұрыс жолға қойылмай келе жатыр. Біз бұл жерде сөздердің грамматикалық, семантикалық, лексикалық варианттары туралы емес – мағыналық жағынан тең, стильдік бояумен ерекшеленбейтін, тек дыбыстық жағынан әртүрлі нұсқада таңбаланып жүрген ескі кітаби

лексикалар туралы меңзеп отырмыз.

Ғалым Н.Уәлиұлы: «Тіл – жүйелі құбылыс. Әдеби тілдің нормасы, оның ішінде жазу нормасы, алдымен тілдік жүйеге негізделеді. Алайда жүйе бар жердің бәрі бірдей әдеби тілдің нормасы бола бере ме? Кейбір жағдайларда тілдік жүйенің өзі екі немесе үш түрлі болып жарыса қолданылуы ықтимал. Олардың қайсысы әдеби тіл нормасына лайық деп танылуы керек?» [6, 125 б.], – дей отырып, әдеби нормаға лайықтысын таңдап алу үшін тілдің ішкі даму тенденциясына олардың қайсысы сәйкес келетінін анықтау қажеттілігін ескерткен [6, 128 б.]. Ғалымның бұл пікірін ескі кітаби тіл бірліктерін, жалпы араб, парсы сөздерін таңбалау барысында да есте ұстаған абзал. Мәселен, «қылыш, семсер» мағынасын беретін *зұлтықар* сөзінің *зұлфұқар*, *зұлфақар* түрінде таңбаланған варианттары бар. Қазақ тілінде ерін үндестігі негізінен орфоэпиялық заңдылыққа ғана тән құбылыс, осы жағынан алғанда *зұлфұқар* емес, *зұлтықар* дұрыс, ал *зұлфақар* араб тіліндегі түпнұсқадан (*зулфиқар*) ауытқыған. Сол сияқты, «сөз; нақыт; мұсылман дініне сену нышаны» ұғымдарын білдіретін *қалима* сөзінің *қалима*, *қалима* түріндегі нұсқалары бар. Араб тіліндегі дыбысталуы – *қалима*. Алайда қазақ тілінде к жіңішкелікті білдіретін дауыссыз дыбыс болып танылатындықтан тілімізге *қалима* емес *қалима* болып орныққан. Енді *қалима* мен *қалимәнің* қайсысын әдеби нормада тұрақтандыру керек? Бұл жерде қазақ тіліндегі буын үндестігіне сәйкес келмесе де, қолдану жиілігі жағынан *қалима* сөзі таңдалуы қажет. *Қалам*, *қалам*, *қалам*, *қалам* (ар. *қалам*) сөздері туралы да осыны айтуға болады. Сол сияқты, «Иық жауырын және ауыспалы мәнде өркеш» деген ұғымдарды білдіретін *кәтеп* сөзінің *катаф*, *кәтеб*, *қатеп* түрлері мәтіндерде жиі ұшырасады. Араб тіліндегі дыбысталуы *кәтеф*. Көрсетілген төрт варианттың ішінде *кәтеп* нұсқасы жазба әдеби тілде нормалануы керек. Себебі, дәл осы нұсқа диалект сөз ретінде қолданыста бар. Сондай-ақ жер атауын білдіретін *Исфahan* сөзі *Иснаhan*, *Иснахан*, *Асфahan*, *Аспahan*, *Аспақан*, *Асбахан* түрінде жазылып жүр. Бұл сөз тарихи мәтіндерде *семсер*, *қылыш*, *қанжар*, *кілем* сөздерімен тіркесіп, «Исфahanда жасалған» деген мәнде жұмсалады. Осы 7 түрде таңбаланған нұсқаның қайсысы жазба әдеби тілде нормалануы қажет? Бұл сөздің парсы тіліндегі дыбысталуы да, таңбалануы да *Исфahan*. Кезінде сан түрлі көлөнердің Отаны саналған Иран жеріндегі көне қаланың атауы. Яғни әдеби тілге оның бүкіл әлемге жайылған дұрыс атауы *Исфahan* тұлғасы нормалануы қажет. Жалпы әртүрлі нұсқада қолданылып, жазылып жүрген кірме сөздердің жалпы саны 1094 сөз. Оның 692 араб сөзі, 402 парсы сөзі. Бұл статистикалық мәлімет сөздіктен алынып отыр [7].

Сонау кириллица қабылданған кезеңнен бері бір жүйеге түспей келе жатқан мұндай сөздерді таңбалаудың арнайы орфографиялық ережесі болмағандықтан, яғни «мына сөздің мынадай тұлғасы жазба әдеби тілде орнығуы керек» деген тілшілер тарапынан жасалған нақты принциптің жасалмауынан осындай ала-құлалықтар жарыққа шығып жатқан мәтіндерде, тіпті БАҚ құралдары мен мектеп оқулықтарында күні бүгінге дейін жалғасып келе жатыр. Мәселен, 7-8 сыныптарға арналған тарих оқулығындағы *сүйірғал* (жерді сыйға беру) сөзінің бір кітаптың өзінде әртүрлі таңбаланғанын байқауға болады. Сонау 1940 жылдардан бастап күні бүгінге дейін жарыққа шығып жатқан кітаптардың барлығынан да осындай үрдісті аңғарамыз.

Жалпы араб, парсы сөздерінің, оның ішінде ескі кітаби сөздердің ала-құлалығының негізгі себептері мынада:

Біріншіден, мұраларымыздағы араб, парсы сөздері түпнұсқа принциппен, яғни сол тілдердің жазылу формасы бойынша таңбаланған, оны кириллицаға аударғанда кейбіреу қазіргі тілге лайықтап, кейбіреу түпнұсқа тілге лайықтап берген;

Екіншіден, кириллицаға аударылып отырған сөздің араб, парсы тіліндегі дыбысталуын білмеу, былайша айтқанда қате транскрипциялау;

Үйіншіден, кірме сөздер құрамындағы қазақ тілінде мүлде кездеспейтін дыбыстарды төл дыбыстармен алмастыру;

Төртіншіден, ондай сөздерді жазба тілде нормалаудың принциптері көрсетілген анықтағыш пен сөздіктің күні бүгінге дейін болмауы.

Мәселен, тілімізге бейімделген дыбыстық формасы бола тұра араб, парсы сөздерін түпнұсқаға ұқсатып транскрипциялай салу үрдісі жиі кездеседі:

Аллаһ (ар. *Allah*) – дұрысы *Алла*;

Алиф, алиф, әліф (ар. *alif*) – дұрысы *алин*;

Астағфирулла, астағфиралла (ар. *astaghfir Allahu*) – дұрысы *астағыралла*;

Афзал (ар. *afzal*) – дұрысы *абзал*;

Әлакат, фәлакт, фалек, фаләк (ар. *falakat*) – дұрысы *бәлекет*;

Бәһәшт, беһәшт, баһшаг (пар. *bihisht*) – дұрысы *бейиш*;

Гүнаһ, гунаһ, гүнәһ (пар. *gunah*) – дұрысы *күнә*;

Жүфүт, жүфт, жүфіт, жүфьт (ар. *jufut*) – дұрысы *жүт*.

Кабап, кәбап, кәбәп, кебаб, кебап, кебен, қабаб (ар. *kabab*) – дұрысы *кәуап*;

Қамқап, кемхап, кемқап, қымқап (пар. *kamkhab*) – дұрысы *қамқа*.

Мәсжид, мәсјид (ар. *masjid*) – дұрысы *мешіт*;

Меккем, махкам, мехкам, махқүм, мәхкәм, мәкәм, мәкем (ар. *mukham*) – дұрысы *мекем*.

Мүһр, мөһр, мөһір, мөһр (ар. *mohr*) – дұрысы *мөр*;

Никах, неках, неқак, некаһ (ар. *nikah*) – дұрысы *неке*;

Үмігуар, үмідуар, үміддуар (пар. *umiduvar*) – дұрысы *үміткер*;

Харакат, хәрекет, хәракат, һәрекет (ар. *harakat*) – дұрысы *әрекет*;

Һәлак, һәләк, һәлек, һалак (ар. *halak*) – дұрысы *әлек*.

Бұндай сөздердің саны аз емес. Жалпы қай кезде түпнұсқадан бұлжытпай немесе соған жақын транскрипциялау керек? Жазбалардың документалдық басылымын (мәтіндерді еш өзгеріссіз, қалай жазылса сол қалпында басу) шығару көзделген жағдайда ғана. Ол кезде жазба мәтіндегі араб, парсы сөздері ғана емес, көне лексикалық бірліктер (*бағыр, инану, тұрғушы*, т.б.), ортағасырлық грамматикалық формалар (-мыш, -міш (*бармыш, келмиш*), -үр, -үр (*тұрұр, көтерүр*)) -лар/лер (*адамлар*), сондай-ақ басқа да жұрнақ-жалғаулар (*тауның, мінезі, достұлқ, бойындан*) толығымен сақталуы шарт.

Ал ғылыми-көпшілік басылым көзделген жағдайда мәтіндерді қазіргі тілге лайықтап берген орынды болмақ.

Кириллицаға аударылып отырған сөздің араб, парсы тіліндегі дыбысталуын білмеу, былайша айтқанда кәте транскрипциялау да сөздердің ала-құла формаларының пайда болуына әсер етуде. Бұған «астролог, жұлдызнамашы» ұғымын беретін *мұнажжим, мунәжјім, мәнжам* (ар. *munajjim*), «саулық, түзулік; дұрыстық» ұғымдарын беретін *сиххат, сихат, сахат, саһат* (ар. *sikhhat*), «қайталау; пысықтау» ұғымындағы *тиқрар, тақрар, тақрар, тақрир, текрар* (ар. *tikrar*), т.б. біршама сөздерді жатқызуға болады.

Фонетикалық дублеттердің көбеюіне әсер етуші тағы бір фактор кірме сөздер құрамындағы кей дыбыстардың қазақ тілінде жоқтығы. Осыған байланысты *айла-хайла, рұқсат-рұхсат, қал-хал, уәде-уағда*, т.б. көптеген сөздер жарыспалы вариантта қатар қолданылады. Сондай-ақ *палуан-батуан, ақырет-ақирет, пейішбейіш, парпар-барабар, диқан-дихан, жәннат-жаннат*, т.б. сөздердің екі нұсқасы да дұрыс деп танылады. Бұлардың бір ғана сынарын жазба тіл нормасында қалдыру қажет болса, ең бірінші, олардың қолданылу жиілігі ескерілуі шарт.

Соңғы кезеңдерде сөздік қорымызға қайтадан ене бастаған, алайда бейәдеби деп танылып жүрген асыл қазынамызды тілдің ішкі даму тенденциясына сәйкес орнықтырып,

әдеби нормаға түсіру, жұртшылықтың бәріне бірдей, тұрақты тұлғасын саралау, емлесін қалыптастыру үлкен ыждаһаттылықты талап етеді. Мұндай сөздер қатарына мыналарды жатқызуға болады:

Ақайд, ғақайд (ар. *ақайд*) – 1. *Наным, сенім. 2. Дүниетаным, ұстаным. 3. Ислам дінінің негізгі қағидаларын үйрететін кітап.*

Анжам, әнжам, әнжәм (пар. *әнжам*) – 1. *Ат әбзелдері. 2. Қажетті құрал-жабдықтар.*

Ахд, ақд, аһыд, ғақд, ғаһид (ар. *аһд*, пар. *ақд*) – *келісім, мәміле, уәде, шарт.*

Аһыл, аһил, аһл, аһлу, аһли, ахлу, әһлі, әһіл (ар. *әһл*) – 1. *Туыс, ағайын. 2. Ел, қауым, мекендеуші тұрғындар.*

Әлфирақ, алфырақ, әлпірақ (ар. *әлфирақ*) – *қош бол!*

Баһана, бәһәна, бәһәнә, бәһана, фаһана (пар. *бәһана*) – *сылтау.*

Бәдан, бадан, бәден, беден (ар. *бәдән*) – 1. *Тұлға, дене. 2. ауысп. Тән.*

Бәланд, балант, бәлант, бөләнд (пар. *боланд*) – *биік, жоғары.*

Бәллүр, биллүр, біллүр (пар. *бәллүр*) – *хрусталь.*

Бейһүш, бейһүш, бихош, бихуш, бихүш, биһүш, биһүш, биһүш (пар. *биһуш*) – *есінен тану.*

Гәриан, гәриян, гориян, гәрян, гериян (пар. *әуриян*) – *жылау, еңіреу.*

Даңдама, дандама, дамдамат (пар. *дамдама*) – *айғай-иу,*

Дәргәһ, дәркәһ, дәркәһ, дәркәһ, даргәһ, дәргәй (пар. *дәргәһ*) – *патша, хан сарайы.*

Жәһил, жаһыл, жаһіл, жәһіл, жәһил, жаһит (ар. *жаһил*) – ?

Жүһүд, жүһүд, жүһүт, жөйіт, жөһид, жаһут (ар. *иаһүд*) – *еврей.*

Зиба, зипа, зифа (ар. *зифа*, пар. *зиба*) – 1. *Кәрікті, сұлу, әдемі. 2. Безендірілген, сәнді.*

Зұлжалал, зұлжалал, зұлжелел, зұлзалаг, зұл-зәлла (ар. *зұлжалал*) – *ұлылық пен құдірет иесі деген ұғымда қолданылатын Алла тағаланың 99 есімдерінің бірі.*

Зүбаржат, зүбаржад, зүбаржат, зәбіржат, зыбыржат (ар. *забаржад*) – *қымбат асыл тас.*

Керкүдан, керкүдан, керкүдән (пар. *кергүдан*) – *мүйізтұмсық.*

Күлфат, күлфат, күлшат, күлпәт (пар. *күлфат*) – *қындық, азап, машақат.*

Мүһлат, мүһләт, мүхлат, мүхләт, миһлат (ар. *мүһлат*) – 1. *Тоқтату. 2. Кейінге қалдыру. 3. Мерзім, уақыт.*

Намарт, нәмарт, нәмәрт, нәмрәт (пар. *намард*) – *тексіз, жексұрын, ұятсыз.*

Пағпур, пағфур, бағпур, фағпур, фағфур (пар. *фағфур*) – 1. *Фарфор (Ерте кезде Қытайда фарфордан жасалған қымбат шыны).* 2. *Қытай императоры.*

Рәмил, рәміл, рамл, рамал (ар. *рамл*) – 1. *Құм, қиыршық тас. 2. Құмға, майда тасқа бал ашу.*

Ұлпат, үлфәт, ұлпат, ұлпәт (пар. *ұлфат*) – 1. *Дос, достық қарым-қатынас. 2. Жақын, жақындық. 3. Сүйкімділік*

Фаған, фаған, феған, фиған, паған (пар. *фаған*) – *зар еңіреп жылау.*

Фариад, фәрияд, фәрияд, фәриад, фәриод, фәрияд, парияд (пар. *фариад*) – 1. *Айғай, айғайлау. 2. Зар еңіреу, зар жылау.*

Фитна, фитнә, фітінә, пітна, пітне (пар. *фитне*) – 1. *Бүлік, дүрбелең. 2. Дін бұзушылық. 3. Арам ойлылық. 4. Ауыртпалық, қиыншылық.*

Шаһариар, шәһәриар, шарияр, шарияр, шәриар, шадияр (пар. *чаһариар*) – *Мұхаммед пайғамбардың ең алғаш дін қабылдаған төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Осман, Әли.*

Бұл тәрізді ескі кітаби сөздердің қатары аз емес.

Қорыға айтқанда, кеңестік кезендерде ескі кітаби сөздер, тіпті бүкіл араб жазулы мұраларымыз жарамсыз деп танылған еді. Ал бүгінгі егемендік алып, тәуелсіз ел болған кезеңде Елбасының бастауымен ұлтымыздың рухани-мәдени дүниелерін жаңғырту

мәселесі қолға алынып, соның негізінде, тіл, әдебиет, тарих, философия, т.б. саланың ғалымдары тарапынан көптеген игі іс-шаралар атқарылды. Тілдегі сөздік қазынамыз, жазба ескерткіштеріміз, ескі шығармаларымыз, тарихи жәдігерлеріміз, философиялық ой-толғамдарымыз ұлттық көзқарас тұрғысынан қайтадан бағаланып, жарыққа шығарылды. Ұлтымыздың рухани құндылығын жаңғыртуға, дамытуға арналған бұл бағыттағы жұмыстар Отандық ғалымдарымыздың орасан зор еңбегі мен қажырлы қайратының, былайша айтқанда «үлкен маңдай терінің» нәтижесінде іске асты. Соның негізінде, ұмытыла бастаған қаншама ескі бірліктеріміз қайтадан жаңғырып, сөздік қорымызға қосылып отыр. Ендігі мәселе, бір жүйеге түспей келе жатқан ескі кітаби лексикаларды жазба әдеби тілде кодификациялаудың шарттары мен заңдылықтарын орнықтыру, оларды нормалаудың принциптерін көрсететін анықтағыш пен сөздік дайындап беру. Бұл тілшілер қауымы мойнында тұрған үлкен міндет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Ахманова О. Словарь лингвистических терминов. М., 1966. 312 с.
- [2] Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт.дисс. Алматы, 2007. 79 б.
- [3] Әбілқасымов Б. XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым, 1982. 224 б.
- [4] Уәлиұлы Н. Қазақ тілі қандай тіл? // Тілтаным, 2004. №3.
- [5] Ондасынов Н. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы: Мектеп, 1984. 1-т. 256 б.
- [6] Уәлиұлы Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері: филол. ғыл. канд. дисс. –Алматы, 1993. 84 б.
- [7] Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. 654 б.